

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 желтоқсандағы N 1257 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 807 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2006 жылғы республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 желтоқсандағы N 1257 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 48, 622-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналар мен басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер сомасын бөлу осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

2006 жылғы «25» тамыздағы  
N 807 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы «20» желтоқсандағы  
N 1257 қаулысымен

бекітілген

**Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналар мен басқа да биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер сомасын бөлу**

**МЫҢ ТЕҢГЕ**

р/ сN	Атауы	БАРЛЫҒЫ	соның ішінде:				
			вакциналар мен басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға	туберкулезге қарсы препараттарды сатып алуға	диабетке қарсы препараттарды сатып алуға	онкологиялық науқастарға химиялық препараттарды сатып алуға	бүйрек кемістігі бар науқастарға дәрілік заттарды, диализаторларды, шығыс материалдарын

							және бүйрегін ауыстырып қондырған науқастарға арналған дәрілік заттарды сатып алуға
1.	Ақмола облысы	252639	59742	26051	74028	77432	15386
2.	Ақтөбе облысы	244547	42868	49684	48038	48753	55204
3.	Алматы облысы	361767	95064	38660	116557	80300	31186
4.	Атырау облысы	169716	35412	32294	27051	34414	40545
5.	Шығыс Қазақстан облысы	703652	137133	46978	186088	278181	55272
6.	Жамбыл облысы	278558	58502	36194	90009	77432	16421
7.	Батыс Қазақстан облысы	194528	32979	31360	44245	45886	40058
8.	Қарағанды облысы	536922	74175	56508	161815	210787	33637
9.	Қостанай облысы	304228	46782	26986	128997	86036	15427
10	Қызылорда облысы	186923	56272	35869	30187	45886	18709
11	Маңғыстау облысы	100634	33508	15858	21894	15773	13601
12	Павлодар облысы	274448	28851	51874	89550	83168	21005
13	Солтүстік Қазақстан облысы	286336	33814	42492	97540	97507	14983
14	Оңтүстік Қазақстан облысы	459799	140533	27704	157413	96072	38077
15	Астана қаласы	233879	29709	10387	43635	61659	88489
16	Алматы қаласы	547355	84048	30704	169146	94639	168818
	Барлығы	5135931	989392	559603	1486193		666818

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК